ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 16 қазан №5265-24-00-2/3077 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Сатыбалдиева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Байжігіт 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267–3, 267–4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының талап қоюы - қанағаттандырылсын.

«Байжігіт2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Байжігіт2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық психикалық денсаулық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының пайдасына

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 16.10.2024
Заңды күшіне енген күні: 09.01.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 09.01.2025
5265-24-3-1/3262

39 698 (отыз тоғыз мың алты жүз тоқсан сегіз) теңге тұрақсыздық айыппұл және 1 191 (бір мың жүз тоқсан бір) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Байжігіт2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

АПК-нің 267–4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.Қ.Сатыбалдиева**

Құжатқа қол қойылған: Сатыбалдиева А. К., 16.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2025, судья Сатыбалдиева А. К., 09.01.2025

5265-24-3-1/3262